


*Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі*


*№ 4, 2016*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*




**Біжкенов Е. Арман асуында. – Астана: «Мастер По» ЖШС, 2015. – 254 б.**

Саналы ғұмырын ел ісіне арнаған Е.Біжкенов көркем әдебиет әлемінен де қол үзбеген жан. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қара шаңырағынан білім нәрімен сусындаған ол, Алматыда қалып, қаламгерлердің дүбірлі тобының бел ортасында жүрмесе де, ел арасында тұрып, шығармашылықпен айналысты. Артында қалған «Күйеу балаға құрылған тор», «Өмір өткелінде», «Арман асуында» атты туындылар мен В.Дроздан аударған «Сластионның бас киімі» повесі - кәсіби жазушы емес, әдебиеттің киесін түсінген азаматтың қаламынан туған құнды дүниелер. Кітап Е.Біжкеновтың туғанына 80 жыл толуына орай екінші рет жарық көріп отыр.




**«Әлихан Бөкейхан» тұлғалық энциклопедиясының сөзтізбесі / С.Жүсіп, С.Жұмағұлов, Қ.Кемеңгер, Е.Рахметуллин. – Астана, 2015. - 156 б.**

«Әлихан Бөкейхан» тұлғалық энциклопедиясының сөзтізбесі ұлтымыздың саяси және рухани көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт азаттық Алаш қозғалысының жетекшісі, Алаш партиясының негізін қалаушы, қазақ топырығындағы іргелі ғылым салаларының орнығуына ерен еңбек сіңірген Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның сан салалы шығармашылық болмысы мен қайраткерлік тұлғасына арналады.




**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. - 396 б.**



**Отарбаев Р. Шыңғыс ханның көз жасы. Хикаят және әңгімелер. - Астана: Фолиант, 2014. - 224 б.**


Қазақ қаламгерлері арасында өзіндік айрықша қолтаңбасымен танылған талантты жазушы әрі дарынды драматург Рахымжан Отарбаевтың бұл кітабына бір топ таңдаулы хикаят-әңгімелері топтастырылды.



**II Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы материалдары. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. - 436 б.**

II Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы - «Мәңгілік ел» идеясы Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналып отыр.

Жинаққа Түркі дүниесінің маңызды мәселелері бойынша ғалымдар мен зерттеушілердің өзекті тақырыптарды шешуге негіз болатын жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар ұсыну, түркітанудың өзекті мәселелерін зерттеп-зерделеген мақалалар енген.



**Жұмағалиев А. Өлмес өмір дастаны : Өлеңдер мен поэмалар / Құраст.: Ә. Сәрсенбаев; Жауап. ред.:Ғ.Әнес. – Алматы: Арыс, 2015. – 288 б.**

Көпшілік оқырманға арналып отырған бұл кітап - Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан батыр жерлесіміз, ақын атамыз Абдолла Жұмағалиевтің 100 жылдығына арнап, 1985 жылы Әбу Сарсенбаевтың редакциясымен жарық көрген ақынның «Өлмес өмір дастаны» атты жыр жинағының екінші басылымы. Өмірден өте ерте кеткен ақиық ақынның қастерлі есімі жас ұрпақ жадынан ұмытылмауы тиіс деп санаймыз.






**Алтай Х. Естеліктерім. Шежіре-дастан. – Алматы, 2014. – 152 б.**


Бұл кітапта алмағайып заманда үдере көшіп, ел асып, тарыдай шашылған қандас бауырларымыздың тағдыр тауқыметі шежіре-дастан боп жырланады.

Поэтикалық шежіре, танымдық дүниесімен құнды.



**Оспанұлы Ж. Дәстүрім – дидарым. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2015. – 232 б.**


Жұматай Оспанұлының бұған дейін «Ай зере» жыр жинағы мен «Жалғыз жүрек, сан сауал» атты ой-толғамдары жарық көрген. Бұл кітапта автор ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы салт-дәстүрімізбен бірге бабадан балаға жеткен мұраларымыздың ерекшеліктері туралы ой қозғайды. Отанды сүю, ұлтының мұрасына көзімен қарау адамның адамшылығында, жүрегіндегі иманы мен бойындағы ар-намысында екенін талдап, ұрпақ тәрбиесіне өз тарапынан ой қосады.



**Кенжебай М. Ұлт уайымы. - Алматы: Абзал-Ай, 2014. –**

**Т. 1. – 384 б.**

**Т. 2. – 376 б.**



Белгілі ақын, Мырзан Кенжебай Қазақстан Ресейден азаттық алған 23 жыл ішінде (1991-2014) өміріміздің алуан саласында, еліміздің, қазақ ұлтының тағдырында болып жатқан оң-терісі аралас өзгерістер, әсіресе, қазақ халқының тілін, ділін, дінін, жалпы ұлттық бет-бейнесін қалпына келтіруіне кедергі болып отырған әртүрлі келеңсіз жағдаяттар туралы баспасөз бетінде ұдайы мақалалар, көсемсөздер жазып келеді. Оларды ұлт рухын көтеруге, ұлттық санамызды оятуға қосылған үлес ретінде жамағат өте жылы қабылдады. Сол жарияланымдардан тұратын бұл кітапты ұлтын сүйетін әр қазақ сүйіне де, күйіне де отырып оқиды деуге болады.




**Жаралы жылдар жаңғырығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 384 б.**

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай шығарылып отырған бұл жинаққа адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ғазуат майданға ауданымыздан қатысқан жерлестеріміз жөнінде анықтама деректер енгізіліп отыр.

Отанымыздың тәуелсіздігін қорғауға ауданнан 4000-ға жуық жерлесіміз аттанса, оның тең жартысы туған елге оралмады.


Бұл жинақ жер бетіндегі бейбітшілік үшін қанын төккен, жанын құрбан еткен, ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан, ғұмыр бойы майдангердің жолын тосқан ғазиз жандар Сіздерге арналады.



**Қойгелдиев М.Қ., Жангуттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Мырзатаева З.Б., Бисембаева Л.А., Белоус С.Г., Болатхан А. Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). Ғылыми-көпшілік басылым / Бас редакторы М.Қ. Қойгелдиев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 584 б.**

«Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)» атты кітапта Жамбыл облысы халқының тыл жұмысындағы еңбегі күнделікті өмір тарихы тұрғысынан баяндалады. Еңбек архивтік құжаттарда, соғыс жылдарындағы мерзімді басылымдарда, сондай-ақ көзі тірі майдангер және тыл ардагерлерінің көрсетулерінде берілген фактілік материалдарға негізделген. Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы даярлаған бұл кітапта сонымен бірге арамызда жүрген майдангерлер мен тыл ардагерлерінен алынған сұхбаттар мәтіні берілді.






**Жұбанова М. Жұбановтар әулеті және заман белестері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 264 б.**


Автордың 2009 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Әулет және заман белестері» атты естелік эссе-кітабы 2-ші басылымда «Жұбановтар әулеті және заман белестері» деген жаңа атпен оқырман қауымына ұсынылып отыр. Ғалым-педагог, ардагер ұстаз Мүслима Құдайбергенқызының үш бөлімнен тұратын бұл кітабының екінші бөліміне автордың бұрын «Әке-жыр» деген атпен 2001 жылы шыққан тұңғыш өлеңдер топтамасы енгізілді. Кітапта қазақ ғылымы мен өнерінің жарық жұлдыздары Құдайберген мен Ахмет Жұбановтардың ғұмыр тарихы баяндала келіп, біртуар тұлғалардың халқына сіңірген еңбектері нақты деректермен беріледі. Осындай тектілерден тараған ұрпақтың нақақтан тартқан азаптары, қиын тағдырлары шынайы суреттеледі.

Естеліктен бір әулеттің өмір тарихымен таныса отырып, бүкіл қазақ халқының басынан өткен кезеңдері — заман белестерін танысыз. Ата-ана аманатын орындауға тырысқан ұрпақ өз еңбегімен өсіп-жетіледі.



**Алтай Х. Алтайдан ауған ел. – Алматы, 2014. – 272 б.**





**Әлімгереев Ө. Қаһарлы жылдар. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 264 б.**

Күндей күркіреп, ашық аспанда жасын ойнатып, жандарға жара салған қыркыншы жылдардың 1418 күнін бұрынғы кеңес халқы сияқты атыраулықтар да ұмытпайды. Ауылдағы алаң болған ақсақал мен қамыққан қара кемпір, желегі желбіреген келін мен әкесіз бала күндіз-түні батыстан хабар күтіп, пішен шапты, мал бақты. Түз түнеп, күн сүйген мұнайшылар мен балықшыларды айтсаңызшы?!

Бұл кітапта атыраулықтардың тылдағы еселі еңбегі, майдандағы ерлігі, әйел қыздардың жеңіс жолындағы жігерлі істері әңгіме болады.




**Сыдиқұлы Қ. Бес ғасыр сөйлейді. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 392 б.**

Көрнекті әдебиетші ғалым, барша саналы ғұмырын ел аузындағы асыл сөзді, әдеби-мәдени мұраның інжу-маржандарын теруге бағыштаған жидашы, ақын марқұм Кабиболла Сыдиқұлының (1934—2001) әр жылдары қаламынан туған таңдамалы зерттеулері осы жинаққа топтастырылып отыр. Екі бөлімнен тұратын кітаптың негізгі бөлімінде ғалымның 1974 жылы Ғылым академиясының «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Ақын-жыраулар» атты монографиялық еңбегі араға 40 жыл салып қайталап басылым көріп отыр. Ал екінші бөлімде тәуелсіздік жылдары халқымен қайта қауышқан, кеңестік кезеңде шығармалары оқуға тыйым салынып келген азат ойлы ақындар шығармашылығы талданады.

**Кәрібаев Б. Қазақ хандары = Казахские ханы = Kazakh khans. - Алматы: Сардар, 2015. - 128 б.**

Қазақ хандығы дәуірінде бірнеше ғасыр бойы ел басқарған, ел тарихында өзіндік орны мен маңызы бар тұлғалар — хандар. Хандар тарихы арқылы сол дәуірдегі мемлекетіміздің тарихын терең білуге болады. Осы кітапта хандық дәуірдің біртұтас кезеңінде таққа отырып, ел билеген он жеті ханды қалың жұртшылыққа таныстыру мақсатында олардың билік құрған жылдары мен жүргізген саясаты, қазақ тарихында алатын орны туралы баяндалады.




**Гафоров А. ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ ЕЛБАСЫ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. - 274 б.**

Жиырма жылдан астам уақыттан бері Қазақстанда өтіп жатқан өмірлік маңызы бар оқиғалардың бәрі де көрнекті мемлекет қайраткері, қазақстандықтардың әлем мойындаған жалпыұлттық көсемі Нұрсұлтан Назарбаевпен тығыз байланысты. Ол мықты мемлекеттің іргетасын қалады. Сол арқылы өз халқын даңққа бөлеп, әлемдегі миллиондаған адамдардың құрметіне ие болды.

Тәжікстанда шығарылған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы бұл кітапта автор саясаткер тікелей ұлттың мүддесін көздесе, ұлтын өзінен де жақсы көрсе, табиғатынан тума дарынға ие болса және сол дарынын өз халқына қызмет етуге бағыштаса, көп нәрсе жасай алатынын көрсетуге тырысады.








**Ақтымбаева Ә.С. Туризмдегі баға құрастыру: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 196 б.**

Бұл оқу құралы «Туризм» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған. Осы оқу құралы «5В090200 - Туризм» мамандығы жоспарындағы «Туризмдегі баға құрастыру» пәні бағдарламасына сай құрастырылған. Бұл оқу құралында берілген семинарлық және тәжірибелік жұмыстардың тапсырмалары студенттердің өзіндік жұмыстарын жасауға көмектеседі.



**Базарбаева Т.А. Геоэкология: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 260 б.**

Оқу құралында геоэкологияның теориялық негіздері мен әдістемелік ұстанымдары келтірілген, табиғи ортаның элементтері - литосфера, гидросфера, атмосфера, педосфера және ландшафт қабаты табиғи және антропогендік үдерістерді ескере отырып қарастырылған. Адамзат қоғамы мен оны қоршаған табиғи орта арасындағы өзара қатынасқа ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі таңдағы жаһандық мәселелер, сонымен қатар климаттық өзгерістердің, антропогендік әсерлер мен техногенез салдарынан табиғи қоршаған ортаның бүлінуі және Қазақстан Республикасының табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері жайлы мәліметтер берілген.





**Баимбетов Н., Қалымбек Б. Қазақстан Республикасының тау-кен құқығы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 126 б.**


Аталған оқу құралы тау-кен құқығының теориялық аспектілерін зерделеуге және жер қойнауы саласындағы заңнаманы жетілдіруге арналған.



**Бейсенов Б.Қ. Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтар: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 183 б.**


Оқу құралында зайырлы қоғам өміріндегі діннің алатын орны мен рөлі зерделеніп, заманауи қоғамдық сана мен мәдениеттегі діни сана мәселесі және рухани жаңғырудағы діннің рөлі пайымдалады.

Басылым дінтану бөлімінің студенттері мен магистранттарына, діни мәдениетке қызығатын барша оқырман қауымға ұсынылады.




**Булгауов Ш.Т. 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихнамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 170 б.**

Монографияда 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихнамасы талданады. Ұлт мәселесінің теориялық-методологиялық негіздері көрсетіліп, кеңестік ұлт саясатының мәні ашылады. Тарихнамалық деректердегі Қазақстандағы ұлт мәселесіне қатысты методологиялық ұстанымдар анықталады. Социалистік қоғам құрудағы қайта құрулардың, соның ішінде Қазақстандағы басқару жүйесіндегі өзгерістердің, аграрлық реформалардың, индустрияландырудың ұлт мәселесін шешуге ықпалын зерттеудің бағыттары талданады. Мәдениет пен ғылым салаларындағы өзгерістердің ұлттық саясатқа қатысты жүргізілуді қарастырудың әдістері мен жолдары жүйеленеді. Мәдени революцияның ұлт мәселесіне қатысының зерттелу деңгейі айқындалады. Республикадағы қоғам қайраткерлерінің ұлт мәселесін шешу ұстанымына ғылымдағы көзқарастар көрсетіледі.




**Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері (XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ақын-жыраулардың өлеңдері мен толғаулары бойынша): оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 156 б.**

Оқу құралында XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ақын-жыраулардың өлең-толғауларында жырланған ислам дінінің тарихы, шариғат заңдылықтары мен мұсылман парыздары Құран аяттары, пайғамбар хадистері, ғылыми-танымдық еңбектер негізінде жүйеленген. Сөз зергерлерінің өлең-толғауларындағы діни мотивтер аймақтық жыр мектептерінің ерекшеліктері бойынша тарқатылады.



**Жүнісбаева Ж.К., Шүлембаева К.К., Өмірбекова Н.Ж., Берсімбаев Р.І. Жалпы генетика бойынша кіші практикум: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 82 б.**

Бұл оқу-әдістемелік құралда биология, биотехнология, балық шаруашылығы және кәсіптік балық аулау мамандықтарына арналған жалпы генетика курстары зертханалық сабақтары қарастырылған. Оны зертханалық сабақтарда, өзіндік жеке жұмыстарды орындау барысында, сонымен бірге есептер шығаруға қатысты қосымша мәліметтерді алу үшін пайдалануға болады.



**Коллоидтық химияның зертханалық жұмыстары: оқу әдістемелік құрал / Қ.Б. Мұсабеков, С.М. Тәжібаева, Қ.И. Омарова, Ә.Қ. Қоқанбаев, С.Ш. Құмарғалиева, А.О. Әділбекова, Ж.Б. Оспанова, О.А. Есімова, А.Б. Оразымбетова, М.Ж. Керімқұлова. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 128 б.**


Оқу құралында коллоидтық химияның тарауларының беттік құбылыстар, беттік-активті заттардың адсорбциясы, мицеллалық жүйелер, дисперстік жүйелердің молекулалық-кинетикалық қасиеттері, дисперстік жүйелердің тұрақтылығы, электрбеттік құбылыстардың теориялық негіздері және зертханалық жұмыстары қарастырылған.



**Омашев Н. Жиырмасыншы жылдар журналистикасы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014.**

**Т. 1. - 320 б.**


«Жиырмасыншы жылдар журналистикасы» көптомдығының бірінші кітабы «Еңбекшіл қазақ» (1923-1924 жж.) басылымында жарық көрген өткір де өзекті публицистикалық жарияланымдарды қамтиды. ҚазАКСР-ның ресми органы болғанына қарамастан басылым беттерінде үкіметтің түрлі бұйрық-жарлық, қаулы-қарарларымен бірге ел өмірінің, жұрт тынысының ішкі иірімдерін аңдататын қоғамдық-саяси, мәдени-шаруашылық тақырыптардағы көсемсөздер жарық көрді. Бұл көсемсөздердің арасында пікірталасқа құрылған, ұлттық мүддені ұлықтаған жарияланымдар да аз емес. Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Сералин, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омарұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Сәкен Сейфулин, Тұрар Рысқұлұлы т.б. авторлардың толғақты ой-тұжырымдары басылымды өзгеше қырынан танытады.




**Омашев Н. Жиырмасыншы жылдар журналистикасы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014.**

**Т. 2. - 320 б.**

«Жиырмасыншы жылдар журналистикасы» көптомдығының үшінші кітабы «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ» басылымдарындағы публицистикалық жарияланымдарды қамтиды. Басылым беттерінде оқу-білім, отырықшылыққа көшу, ұлт театрын құру, әліпби, баспасөз мәселелерімен бірге басқа да саяси-шаруашылық, мәдени-ағарту тақырыптар ауқымды көтерілген. Баспасөз бетіндегі пікірталастар, әсіресе, латын қарпі мен төте жазуды тұтыну турасындағы, әдебиеттегі ұлтшылдық сарынмен күрес мәселесіндегі бұрынғы ескі оқығандар, жаңа коммунистік бағытта тәлім алғандар тартысы осы жылдар баспасөзінің бет-бейнесін аңдатады.






**Төлеуғалиев Б. Ғасырлар құндылықтары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 416 б.**


Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бектұр Төлеуғалиев «Балдағы алтын ақ болат» және «Бас сардар» тарихи-танымдық хикаяттары мен «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесі арқылы көпке танымал. Ардагер жазушының жаңа кітабына «Ұлттық мәдениет және салт-дәстүр» атты танымдық зерттеуі, «Махамбет және Исатай» тақырыпты хикаяты, сондай-ақ үшінші бөлімде түрлі мерейлі жиындарда жасаған баяндамалары мен сөйлеген сездері, өзекті заманауи ұлттық мәселелер хақындағы мақалалары, естелік-эсселері топтастырылып отыр.

Маңғыстау өңіріне сыйлы да қадірлі Б. Төлеуғалиевтің 75 жылдық мерейтойы жақындап келе жатқандықтан кітап соңында ол туралы замандастарының жүрекжарды ой-пікірлері мен әдебиетші, сыншы мамандардың жазушының шығармашылығы туралы талдау еңбектері де жинаққа енгізілді.




**Есжанов Б.Е., Сапарғалиева Н.С. Зоология: екі бөлімді оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 2-бөлім. Омыртқалылар зоологиясы. – 356 б.**

Оқулықтың екінші бөлімінде омыртқалы жануарлардың құрылым ерекшеліктері, биологиясы, экологиясы, олардың алуан түрлілігі және шаруашылық маңызы туралы мәліметтер жан-жақты қарастырылған.



**Көшім Ә.Ф. Картаны жобалау және құрастыру: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 139 б.**


Оқу құралында карта құрастырудың дәстүрлі әдістері, оның бағдарламасын дайындау, дерек көздерін пайдалану, аймақтық ерекшеліктерді зерттеу жолдары қарастырылған. Сондай-ақ картаның математикалық негізі, мазмұны, безендірілуі, түпнұсқасының құрастырылуы және картаны редакциялау сипатталған.



**Жусанбаева С. Көркем мәтін семантикасы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 156 б.**


Оқу құралында көркем мәтін семантикасының қалыптасу мәселелері, көркем мәтіннің мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері, оны түзейтін тілдік құралдардың қызметі, көркем мәтінде тілдік бірліктердің мағыналарының құбылулары және т.б. қамтылады.





**Көшім Ә.Ғ. Географиялық картографиялау: табиғат карталары: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 108 б.**

Оқу құралында табиғатты картографиялаудың даму кезеңдері, оның ғылым және тәжірибедегі маңызы, пәні қарастырылған. Сонымен қатар, табиғатты картографиялаудағы негізгі бағыттар: геологиялық, жеке тектоникалық және неотектоникалық, геоморфологиялық, климаттық, гидрологиялық, топырақ, өсімдіктер жамылғысы және ландшафттық карталар құрастыру әдістері, принциптері қамтылған.




**Байтенова Н.Ж., Курманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.К. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер / Құраст. және жауапты ред. ф.ғ.д.профессор Н.Ж. Байтенова. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 228 б.**

«Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер» атты ұжымдық монографиясы қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндердің тарихы мен ілімі, өзіндік ерекшеліктері қарастырылып, олардың қазіргі Қазақстанның болмысына, даму барысына әсері айқындалған.



**Торманов Н., Уршеева Б.И. Биологияны оқытудың инновациялық әдістемесінен оқы-әдістемелік кешенінің нұсқауы: оқы-әдістемелік құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 187 б.**


Оқы әдістемелік кешенде пәннің негізгі оқы бағдарламасы, силлабус, зертханалық сабақ өткізудің ережелері, пән бойынша пайдаланылатын оқы-құралдардың тізімі, студенттердің ағымдағы білімін тексеруге арналған тестік тапсырмалар, теориялық білім беруге арналған дәрістер, «ВОУД»-қа дайындық жасау үшін берілетін 8 нұсқалы тестік тапсырамалар, оның ішінде 3 жауабы дұрыс әдісі бойынша студенттердің өзіндік білімін тексеруге арналған жобаның үлгісі, мектеп қабырғасында активті практика өтуге талаптар жайлы ережелер ұсынылған.



**Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. Қазіргі заман кезіндегі Азия мен Африка елдерінің тарихы (1918-1945): оқы құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - I бөлім. – 117 б.**

Оқы құралында 1918-1945 жылдары Азия мен Африка елдерінде орын алған тарихи оқиғалар мен осы оқиғалардың басы-қасында болған тарихи тұлғалардың рөлі мен қызметі ашып көрсетілген.


Авторлар басты назарды Азия мен Африка елдерінде капиталистік құрылыстың орнауы мен бекінуі және отаршылдық басқарудың формалары мен тәсілдеріне аударған.



**Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар): оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 396 б.**

Бұл оқу құралында қазақ түркілерінің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихына қатысты бұрын назардан тыс қалып келген деректер талданған. Сол деректер негізінде «Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы» пәні бойынша оқытылатын негізгі курс пен автордың «Қазақтардың ғылыми тарихын жасаудағы шежіренің рөлі мен орны». «Орта ғасырлардағы қазақ мемлекеттілігі қалыптасуының этно-саяси мәселелері» атты элективті курс мәселелері жан-жақты сараланған.


Зерттеуде қазақ түркілерін құраған ру-тайпалық бірлестіктер мен Алаш қауымдастығының ежелгі түркілік тамырлары, олардың мемлекет құрушы ұлтты қалыптастырудағы елеулі үлесі нақты айқындалған.



**Родионова И.А., Нүсіпова Г.Н., Токбергенова А.А. Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 413 б.**

Оқу құралында дүниежүзінің саяси картасы, дүниежүзі шаруашылығының ресурстық мүмкіндігі мен географиясы және халқы қарастырылған, сонымен бірге Қазақстан Республикасына да экономикалық-географиялық сипаттама берілген. 5B060900, 5B011600-География мамандығы студенттеріне пәннің оқу бағдарламасына сәйкес негізгі тақырыптар бойынша құнды мәліметтер ұсынылған.





**Самбетбаева А.Қ., Жуманбаева А.М. Ақпараттар теориясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 86 б.**

Оқу құралы екі бөлімнен, жаттығулардан, әдебиеттер тізімінен және өзі-өзі бақылауға арналған тест сұрақтарынан тұрады.


Бірінші бөлімде ақпараттық жүйенің негізгі түсініктері, құрылымы, классификациясы, өмірлік айналымының модельдері және ақпараттық жүйелерді жобалау қарастырылған.

Екінші бөлімде энтропия және оның қасиеттеріне, сигналдар мен бөгеуілдердің математикалық модельдеріне, модуляцияның цифрлық әдістеріне, циклдік және тиімді кодтарға сипаттама берілген. Сонымен қатар ақпараттар санын бағалауға қатысты сұрақтарды талдау, хабарламалар көзінің және байланыс каналының ақпараттық сипаттамасын талдау, сонымен қатар байланыс каналы бойынша хабарламаның берілуінің жеткілікті жылдамдығын қамтамасыз ететін хабарламаларды кодтау және декодтау да қарастырылған.




**Анарбек Н. Қарым-қатынас педагогикасы. – Алматы, 2014. – 124 б.**

Оқу құралында кәсіби қызмет барысындағы жеке қарым-қатынас ұстанымы, ұжымдағы қарым-қатынас, бедел мен өзіндік сенім, кикілжің жағдайы, бейімделу, шешу жолдары, мамандыққа дайындалудың педагогикасы мен психологиясы қарастырылған.




**Бисенбаев П.Қ. Шығыстық қисса-дастандар: нұсқалары мен типологиясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 144 б.**

Оқу құралында шығыстық қисса-дастандарға өзек болған көне сюжеттердің нұсқалары мен олардың зерттелуі, образдар жүйесі, жанрлық сипаты жайындағы мәселелер қарастырылады. Сонымен бірге дастандардың сюжеттік құрамындағы дәстүрлі сарындардың орны мен қызметі де назардан тыс қалмайды.




**Гиззатова А.И., Ким А.А. Макроэкономика. Оқу құралы. – Алматы: «Бастау» баспасы, 2014. – 408 б.**

Оқу құралы «Макроэкономика» курсы аралық деңгейде оқып-үйренуге арналған. Оқу құралы Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректерімен бейнеленген теориялық материалдан, негізгі терминдерден, бақылау сұрақтары мен тапсырмалардан және тест материалдарынан тұрады. Студенттердің өз бетінше шешуі үшін ұсынылатын есептердің бір бөліктеріне қосымша әдістемелік түсіндірмелер берілген. Студенттердің өз бетінше орындайтын есептері мен тест сұрақтарының жауаптары әр тараудың соңында беріліп отыр.



**Ғылыми сыйымды экономика: міндеттері мен ерекшеліктері, әдістер және ұсыныстар = Наукоемкая экономика: задачи и условия, методические рекомендации и предложения = Knowledge-based economy: tasks and conditions, methodical recommendations and suggestions. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2015. - 377 б.**


Аталған жұмыс Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының (17 қаңтар 2014 ж.) негізгі идеялары мен бағыттарын жүзеге асыру бағытында дайындалған. Жұмыста 2014 жылы әлемдік экономикада орын алған үдерістерге талдау жасалынып, баға берілді. Соның ішінде, жаңа модельдер және үрдістер жан-жақты қарастырылды. Шетелдік рейтингілік агенттіктер, ХВҚ, ДБ, ЭЫДҰ, ДСҰ және сарапшылардың әр түрлі бағалаулары келтірілді. Жұмыста әлемнің архитектурасын құрудың келешегі мен міндеттері анықталады және Қазақстанның жаһандық жүйелік дағдарыс жағдайындағы әлемдік экономиканың даму үдерістеріндегі міндеттері ұсынылады.



**Әнесұлы Ж. Бірге күлейік, даналыққа жол: Әзіл, қалжың, әжуа, Мысқыл, мысал. – Алматы: Үш Қиян, 2015. – 72 б.**

Жұмат Әнесұлының бұл кітабы «Бірге күлейік» және «Даналыққа бір қадам» атты бөлімдерден тұрады. Жұмат әзіл қалжыңның, әжуа, мысқылдың майталман шебері. Кітаптың «Бірге күлейік» бөлімінде бүгінгі өмірімізді айшықтайтындай тамаша мысалдар берілген. Сондай ақ, «Даналыққа бір қадам» бөлімінде оқырманды ойға тартар хикаяттар баршылық.






**Он бес үй. Әулетнама / Құраст. Д. Мықтыбек. – Алматы: Эксклюзив КА, 2015. - 412 б.**


Бұл кітапта өсіп-өнген бір әулеттің салиқалы дәстүрі мен өмірлік тәжірибесі байыпталған. Тәуелсіз Қазақстан мәртебесін көтерген «Мерейлі отбасы» жобасының бастауындағы елдік іске тұсында нақты шаңырақтың қосқан үлесі Қамзабек ақсақалдың 15 ұл-қызы, одан өрбіген ұрпағы және ағайын-туысы естелігі аясында баяндалады.

Жинаққа үш ұрпақ өкілінің дәстүр, салт, құндылық, тәлім, тәрбие, өнеге, өсиет, жауапкершілік туралы ой-пікірлері енген.



**Вайнберг А. Жалықтырмайтын астрономия. Балалар энциклопедиясы / Мәтіні Александр Вайнбергтікі, суретші Густаво Регаладо; (қазақ тіліне ауд. Қ. Қайым). – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 61 б.**

Балаларға арналған бұл энциклопедияда аспан әлемі жайында әңгімелер баяндалады.



**Жүсіпұлы Ғ. Бәйімбет батыр ізімен. – Алматы, 2015. – 360 б.**

Бұл кітәпта Бәйімбет батырдың қайраткер перзенттерінің ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында дүниеге келіп, аумалы-төкпелі заманда мұң мен зардың, айтыс пен тартыстың, өмір мен өлімнің бел ортасында жүрседе, азаматтық тұлғасына дақ түсірмей бастан кешкендері баян етіледі. Бұл кезең әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан қандай қайшылықты қатал болса, оның сүрген өмір жолы да көп иірімді, күрделі болғанын аңғаруға болады.

**Ибрагимов Ж.Ә., Рысбеков М.Т., Медеуов А.Т. Құрылыс материалдары өндірісінің технологиялары: оқу құралы. – Алматы: Бастау. 2014. – 288 б.**

Бұл оқу құралында қайта қолданылатын ресурстар ескерілген шикізаттық құрамдас бөліктердің сипаттамалары келтірілген. Қазақстанда жеткілікті дәрежедегі қайта қолданылатын ресурстар мен техногендік қалдықтар негізіндегі ұсақ даналы қабырғалық материалдар өндірісінің технологиялық ерекшеліктері қарастырылған. Ұсақ даналы қабырғалық материалды тиімді қолдану аясы тек жеке құрылыстың барлық түрлері үшін ғана емес, барша азаматтық құрылыс үшін де көрсетілген. Қазақстандағы ұялы құйматас дамуының заманауи ахуалы мен келешегі келтірілген. Ұялы құйматас жасауда қолданылатын шикізат материалдары және ұялы ұйматастың технологиясы мен қасиеттерінің ерекшеліктері сипатталған. Ұялы құйматас технологиясын жобалаудың заманауи кезеңдегі жаңа бағыттары, сондай-ақ Қазақстанда магнезиалды цемент өндірудің мүмкіндіктері келтірілген.






**Несипханов О. Шесть фортепианных пьес для юношества. – Алматы: Асыл кітап, 2015. – 20 с.**

В данном сборнике включены фортепианные пьесы композитора О.У. Несипханова. Представленные сочинения богаты и разнообразны по фактуре.


Издание предназначено для учащихся музыкальных школ, студентов музыкальных колледжей и вузов, а также для любителей музыки.



**Несипханов О. Увертюра – дифирамб для оркестра казахских народных инструментов и ударных инструментов. Партитура. – Алматы: Асыл кітап, 2015. – 52 с.**


В данном издании публикуется партитура «Увертюра - дифирамб». Увертюра - дифирамб для оркестра казахских народных инструментов и ударных инструментов О.У. Несипханова вся выдержана в оптимистических тонах, форма классическая.






**Николенко Э., Смелянский И., Карякин И. Атлас видов животных и их дериватов - основных объектов незаконного оборота в Алтае-Саянском экорегионе. – Новосибирск: Сибирский экологический центр, 2014. – 64 с.**

Пособие предназначено для помощи в распознавании и определении животных и их дериватов при контроле их перемещения через государственную границу и внутри страны. Для использования сотрудниками природоохранных и таможенных органов. Издание подготовлено в рамках работы Проекта ООН и Глобального экологического фонда «Сохранение биоразнообразия в российской части Алтае-Саянского Экорегиона» и Алтае-Саянского проекта WWF. Переработка материала и печать 4-го издания выполнены при финансовой поддержке Фонда Руффорда (Rufford Foundation).




**XIV Международная орнитологическая конференция Северной Евразии. – Алматы, 2015. – I. Тезисы. – 620 с.**

Сборник включает более 400 тезисов секционных, симпозиальных и постерных сообщений, представленных на XIV Международной орнитологической конференции Северной Евразии (Алматы, 18-24 августа 2015г.). Публикуемые материалы посвящены актуальным вопросам фундаментальной орнитологии (происхождение, эволюция и систематика птиц, фауна, зоогеография, морфология и физиология птиц), а также прикладным вопросам использования и охраны птиц (охотничья и сельскохозяйственная орнитология, медицинская и авиационная орнитология; социальная орнитология: образование и просвещение, орнитологический туризм)



**Губин Б.М. Птицы пустынь Казахстана. – Алматы: ТОО «Колор», 2015. – 394 с.**

По материалам более чем 30 лет изучения орнитофауны в пустынях Казахстана описываются условия проживания птиц в Мангистау (полуострова Мангышлак и Бузачи, плато Устюрт) и в северо-восточной оконечности оз. Балхаш в пределах Алматинской и Восточно-Казахстанской областей. Изучены, состав, распространение, численность и причины ее изменения, сроки пребывания, биология размножения, плодовитость. Предназначено для специалистов-орнитологов, экологов, сотрудников природоохранных учреждений, преподавателей и студентов естественных факультетов и специальных учебных заведений, краеведов, а также широкого круга любителей птиц.



**Прокопов К.П. Путь к Белухе. – Усть-Каменогорск: Рекламный Дайджест, 2014. – 72 с.**


У этой книги символическое название: «Путь к Белухе». Белуха - самая высокая гора Алтая, и творчество автора зовёт к вершинам знаний, к совершенствованию. Книга включает сюжетные очерки об уникальной природе Восточного Казахстана, биографические сведения об авторе, содержит список его научных трудов.





**Редкие виды птиц Нечернозёмного центра России. Материалы V совещания «Распространение и экология редких видов птиц Нечернозёмного центра России» (Москва, 6-7 декабря 2014 г.). – М., 2014. – 388 с.**

